

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Ортаңғы «Ботақан» тобы (2 жастағы балалар) Желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай</p>

	<p>бойымен жүру Сапқа бір-бірден тұру. Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;</p>
Қоршаған ортамен	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру</p>

<p>таныстыру</p>	<p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту Балалар тұратын қала мен ауыл атауын атау.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу. Ыдыстарға қазақ оюығың элеметерін салуды үйрету; бір біріне бірдей қашықтықта ораласқан қиғыш параллель сызықтарды сызу. Қиылысатын тік сызықтардан заттар суретін салуға үйрету; қағаз ортасына орналастырып, ірі қылып салу. Сәндік сурет салу. Халық өнерінің шығармаларына қызығушылығын тәрбиелеу. Дымков ойыншығымен және оны әрлеу элементтері мен танысу.Әртүрлі бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, ойыншық сұлбасымен әрлеуді үйрету. Саусақ ізін басуды, нүкелерді, жолақтарды бейнелеу білуді бекіту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Шырша сұлбасын суреті шекараынан шықпай нүктелері мен саусақ ізінің таңбасымен әрлеуге үйрету; дәстүрлі емес сурет салу техникаларына</p>

	қызығушылық, негізгі түстердің атауларына білуді бекіту.
Жапсыру	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау
Музыка	<p><i>Музыка тыңдау</i> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға Әндерді тыңдауға үйрету</p> <p><i>Ән айту</i> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар</i> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p><i>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</i> Балаларды музыкалық аспаптармен: бубен, сылдырмақ сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру</p>